
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Дене шынықтыру және спорт кафедрасы




**В005 –«Дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау »
білім беру бағдарламалар тобы бойынша
шығармашылық емтихандарды карантин жағдайында қабылдау
бойынша**

НҰСҚАУЛЫҚ

Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

Жасағандар:

Дене шынықтыру және спорт
кафедрасының аға оқытушысы



Назаркина О.Н

Дене шынықтыру және спорт
кафедрасының аға оқытушысы



Соловьева Н.А.

Қабылдау шығармашылық емтихандарының бағдарламасы «дене шынықтыру және спорт» кафедрасының отырысында қаралған, 2020ж. 12 мамыр, № 9 хаттама.

Кафедра меңгерушісі



Токтарбаев Д.Г-С.

Әлеуметтік ғылымдар факультетінің оқу-әдістемелік комиссиясымен (ОӘК)
келісілген.

Хаттама № 10 «15» мамыр 2020 ж.

ОӘК төрағасы



Аубакирова Ж.К.

Факультет деканы



Кашхынбай Б.Б.

Келісілген:

Оқу ісі жөніндегі проректор



Онгарбаев Е.А.

Мазмұны

1. Шығармашылық емтихан қабылдау бойынша жалпы талаптар	4
2. Емтихан өтетін орынға және емтихан тапсырушылар тобын күруга қойылатын талаптар	4
3. Талапкерлерге қойылатын талаптар.....	5
4. Жалпы дене шынықтыру (ЖДШ) нормативтерін қабылдау.....	5
5. Мамандандыру нормативтерін қабылдау.....	6

**В005 –«Дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау »
білім беру бағдарламалар тобы бойынша
шығармашылық емтихандарды карантин жағдайында қабылдау
бойынша нұсқаулық**

1. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін 2020 жылғы 8-13 шілде аралығында пәндік комиссиялар құрылады және оның құрамына медицина қызметкері кіреді.
2. Шығармашылық емтихандар күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып, дәстүрлі түрде өткізіледі:
 - 1) әр екі сағат сайын шығармашылық емтихандарды өткізу орнын санитарлық өңдеу;
 - 2) комиссияның барлық мүшелері мен талапкерлер медициналық бетперде мен қолғаптарда болуы тиіс;
 - 3) күн сайын емтихан өткізу аймағына кірер кезде тепловизормен дене қызуын өлшеу қажет. Кімде-кім жоғары температура анықталған жағдайда, ол медициналық қызметкерге жіберіледі;
 - 4) емтихан өтетін орын аумағында қолды өңдеуге арналған тазартқыш құралдар орнатылады;
 - 5) спорттық жабдықты қолданғаннан кейін оны гидрохлорид ерітіндісімен өңдеу керек;
 - 6) емтихан өткізуге (нормативтерді тапсыруға) саны 20 адамнан аспайтын топқа 120 минут беріледі;
 - 7) қабылдау комиссиясының кезекші қызметкері емтихан өткізу аймағындағы адамдар арасында 2 метр қашықтықтың сақталуын қамтамасыз етеді;

Емтихан өтетін орынға және емтихан тапсырушылар тобын құруға қойылатын талаптар:

1. Адамдардың жиналуын болдырмау және қашықтықты физикалық сақтау, бетпердені кию, шығармашылық емтихан бөлмелері мен күту алаңдарында қолдарды дезинфекциялау.
2. Емтихан қабылданатын орындарды үнемі желдету, өтініш берушілер қол тигізуі мүмкін жерлерді дезинфекциялау.
3. Кезек тағайындауды талапкерлер арасында күту орындары мен емтихан өтетін кабинеттерінде максималды арасындағы қашықтықты сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей ұйымдастыру.
4. Күту орындарында еріп келген қамқоршы немесе өкілдер де қашықтықты сақтап, қажетті қорғаныс шараларының ережелерін сақтайды.
5. Шығармашылық емтиханды қабылдау үшін топтарды қалыптастыру алфавиттік тәртіппен қазақ және орыс бөліміне түсушілерді 20 талапкерден аспайтын мөлшерде бөлу арқылы жүзеге асырылады.